



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ


Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№16 (605)
24 сәуір,
2025 жыл



КІТАП БАСПАСЫ: ТАБЫС ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТАЛАСЫ

Кітап – руханияттың мәйегі, ұлттың жады мен зердесін сақтайтын шежіре. Биыл елімізде алғаш рет Ұлттық кітап күні атап өтілуде. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жүрегі бар үйлер, яғни кітапханалар дәл осы датада бір серпілін қалған секілді. Кітап оқу мәдениетін көтеруді мақсат еткен орталықтар түрлі кештер мен іс-шараларды ұйымдастырып, оқырмандарымен байланысын нығайта түсті. Көңіл қуантарлық жайт. Десе де кітапханалардағы тіршілік тап осы күндердей үнемі қайнап жатпайтыны тағы бар.

Кітап жайын қозғағанда баспа ісі де бас көтеретіні жасырын емес. Баспа саласының бүгінгі жай-күйі көңіл көншітпейді. Қазақстанда кітап шығару ісі негізінен коммерциялық сипатқа ие. Мемлекеттік тапсырыспен жарық көретін кітаптар саны шектеулі, ал жеке баспалар көбіне өз қаржысына жұмыс істегендіктен сапалы кітап шығаруға кедергі келтіріп отыр.

Бүгінде қазақ тіліндегі кітаптардың таралымы әдетте 500-1000 дана шамасынан аспайтын көрінеді. Мұндай аз таралымдағы еңбек тек қала-лық кітап дүкендерінде ғана кездеседі. Ал ауыл оқырманына жету «арман» дерсін.

Сонымен қатар кітап ұрлығы, яғни плагиат, рұқсатсыз басып шығару мен көшіру сияқты құқық-бұзушылықтар әлі де жиі кездесетін түйткіл. Са-тылымға кеше шыққан кітаптың электронды нұс-қасын бүгін әлеуметтік же-ліде саудаға салып отыр-атындар тіпті көбейген. Бұл авторлық құқықты қорғау тетіктері толыққанды жұмыс істемейтінінің дәлелі. Мұның салдары жазушының еңбегіне деген құрметтің төмендеуіне әкеледі.

4-бетте

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ТАМШЫМЕН СУАРСАҚ...

Көктем туа жұрт жер жырттып, егін егудің қамына кіріседі. Биыл да диқандар қауымы өнім алу үшін ала жаздай еңбек етеді. Бірақ кейінгі жылдары су тапшылығының салмағын Сыр бойындағы Қызылорда облысы сезіп отыр. Суға тәуелді күріш егісіне байланған өнімнің суды үнемдеуі маңызды мәселе.

Әрине, бұл мәселе облыстық, республикалық деңгейде талқыланып, түрлі шара қолға алынды. Жоспар жеткілікті жасалғандай. Ендеше, дерек пен дәйекке назар аударсақ.

Алдымен Мемлекет басшысының сөзіне қарасақ. Қасым-Жомарт Тоқаев 3 жыл бұрынғы Жолдауында ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығының кері әсер етіп жатқанын айтты. Өз сөзінде ол «Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда. Судың 40%-ы құмға сіңіп жатыр. Бұл салада басқа да түйткілдер аз емес» деген еді.

Сырдарияның бұрынғы қуаты бүгінде өткеннің елесіндей. Кейінгі он жылда өзен ағысы мен су көлемі күрт төмендеді. Себебі Қазақстан Сырдариядан жылына кемінде 10 текше шақырым су алуға тиіс. Бірақ өткен-ай кездерінде, мысалы 2021 жыл бұл көрсеткіш 30 м³-ке дейін құлдыраған. Қалыпты жағдайда дарияның облысқа кіретін тұсынан секундына 160-200 м³ ағын өтеді. Арал теңізіне құйылатын су көлемі 2018 жылы 4,3 млрд м³ болса, 2020 жылы 1,6 миллиард м³-ге дейін азайған. Кейінгі 12 жылда Аралға 7 миллиард текше метр су кем түскен. Арал демекші, Самарқандта өткен Орталық Азияның мемлекетаралық су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының 89-шы отырысында биыл Қазақстан Сырдария өзені арқылы 3,7 миллиард текше метр су алатыны хабарланды. Ал Солтүстік Аралға 975 миллион текше метр су жіберу жоспарланып отыр.

3
бетте



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ:

Қазақ халқы ежелден «Жақсылық жасаған, қайырымын өзін көрсесін» деп, қайырымдылықты өмір салтына айналдырған. Қай кезде де жоқ-жітіктің жағдайын ойлаған қазақ қайырымдылықты қастер тұтқан. Бір уыс тарысын бөліп беріп, «бір күнгі аштық – тоқтықтың қадірін ұқтырар» деп үміт артқан. Бірақ бүгінде «жақсылықты» жамылып, пайда табуға ұмтылғандар көбейіп, халықтың сеніміне селкеу түсіп отырғаны өкінішті-ақ. Осы бір асыл ұғымды арзан атақ пен арам табыс көзіне айналдырғандар туралы сөз қозғамақпыз.



ЖАҚСЫЛЫҚ ПА, ӘЛДЕ ПАЙДА КӨЗІ МЕ?

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЛАРЫН КІМ
БАҚЫЛАЙДЫ?


Қайырымдылық – бұл жүректен шыққан ізгілік. Алайда оның шынайы мәнін сақтау үшін заң талаптарын сақтау және ашықтықты қамтамасыз ету қажет.

Халықтың сенімін арттыру үшін қайырымдылық қорларының қызметі заңды және ашық болуы тиіс. Алайда көптеген қор өзінің қаржылық есебін жарияламайды, бұл халықтың сенімін төмендетеді. Кейбір қордың қызметі мемлекет тарапынан жеткілікті деңгейде бақыланбайды.

Мәселен, көшедегі еріктінің заңды жұмыс істеп жүргеніне қалай көз жеткізе аламыз? Күн сайын қоғамдық көлікте, аялдамада, базар маңында арнайы суреті бар папка мен қорап ұстап, «бала ауырып қалыпты, еміне қажет» деп, «отбасы баспанасыз қалыпты, жаңа пәтерге керек» деп ақша жинап жүрген еріктілерді күнделікті кездестіреміз. Олар өздерін белгілі бір қайырымдылық қорының мүшесі ретінде таныстырып, халықтан қаражат сұрайды. Кейбірі расымен құжатын көрсетіп, ресми екенін дәлелдеуге тырысып бағады. Десе де халық сеніміне кіру оңай емес. Себебі қазір аңдамасан, алданыс.

2-бетте

5-бетте



СЫР
ЕЛІНІҢ САҢЛАҚ
САРБАЗЫ

6



БОКСТАН
VI ЖАСТАР ОЙЫНДАРЫ
БАСТАЛДЫ

7



САЯХАТТА
СҮЙГЕНІН ТАПҚАН
САЯХАТШЫ

8

ЖАСТЫҚ ЖАЛЫНЫМЫЗ – СҮЙІКТІ ОТАНЫМЫЗҒА



М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға!» тақырыбында жастардың патриоттық форумы өтуде. Ауқымды шара дәстүрлі түрде 2017 жылдан бері ұйымдастырылып келеді.

Форумның мақсаты – жас ұрпақ бойында Отаны үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, аға буынның жанқиярлық еңбегін бағалап, тарихты құрметтеуге үндеу. Құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» аймағымызда жоғары деңгейде жүргізіліп жатқанын насихаттау. Жеңістің 80 жылдығы аясында оқу орны 73 жыл есімін иеленген Мәншүктің батырлық болмысы, ғибратты ғұмыры арқылы студент жастарды ерліктің өнегелі ізін өшірмей тағзым жасауға, отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру.

Форум аясында дәстүрлі түрде тек қана қыздардан құралған «Мәншүк маршы» өткізілді. Оған 500-ден аса студент қыз қатысты.

Мұнан кейін «Достық үйінде» форумның пленарлық мәжілісі өтті. Іс-шараға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілі Қадырбек Бөрібеков қатысып, форум қатысушыларын құттықтады.

Жиында Ақтөбе облысының

мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Әлия» облыстық патриоттық тәрбие беру орталығының басшысы Бағдаш Тупенова әлеуметтік әріптестік туралы және «Әлия» облыстық патриоттық тәрбие беру орталығының жұмысы жайлы айтты. Ал Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледж студенті Нұрай Алпысбаева шараның маңыздылығын атап өтті. Сыр елі батырлары жайлы қалам тартып жүрген ғалым – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Бақытжан Ахметбек М.Мәметованың қарулас командирі жайлы баяндама жасады. Колледж түлегі, сонау студент шағында «Әкелер даңқы жолымен» жорығының қатысушысы, «ҚР Еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағының иегері Нағиша Есбосын өзі барған жорық жайлы, сол кездегі ерекше сезімі туралы айтып, колледж жетістіктері туралы сөз қозғады.

М.Мәметова атындағы Қызылорда



педагогикалық жоғары коллежі «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығының студенті Ақмоншақ Берік аталған мамандық студенттерінің жасанды интеллектіге байланысты жобалық зерттеу жұмыстары жайлы хабарлады.

Шара студент жастардың үндеуімен қорытындыланды.

Мұнан кейін форум қатысушылары қала орталығындағы мәдени ошақтардың бірі «Анаға тағзым» орталығына экскурсия жасады.

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында колледждің 140-тан астам оқытушысы мен студенттерінің қатысуымен Т.Әліпқали, А.Мәме-

тованың «Мәңгілікке маздаған қыршын ғұмыр», А.Халимулдина, А.Халимулдиннің «Звездный час Маншук» кітаптарының желісі бойынша дайындалған «Батыр Мәншүк» мультимедиа перформанс (көпформатты қойылым) 700 көрерменге сахналанды.

Биылғы республикалық форумға еліміздің педагогикалық мамандар даярлайтын 11 колледжінен 80-ге жуық қатысушы, аймақтағы 27 колледжден 100-ге жуық қатысушы келді.

23-24 сәуір күні өтетін форумға жалпы 2000-ға жуық адам қатысады деп жоспарлануда.

24 сәуірде форум қатысушылары қасиетті Қармақшы жеріндегі Қорқыт

ата кесенесіне барып, мұражайын аралап, Қорқыт ата амфитеатрындағы арнайы қойылымды тамашалайды.

Форумға қатысушы студенттерге Қызылорда қаласындағы мәдени орындарға экскурсия жасалып, колледж базасында «Мерген ару» сайысы өткізіледі.

Форум аясында Жеңістің 80 жылдығына орай «Ұлы жеңіс – мәңгілік тағзым!» айдарымен колледждің барлық топтарында ашық тәрбие сағаттары өтіліп, «Менің атам – майдангер!» айдарымен Жеңістің 80 жылдығына орай 150-ден астам колледж студенті өздерінің ҰОС қатысқан аталары мен тылда еңбек еткен ата-әжелері жайында бейнероликтерін колледж әлеуметтік парақшаларында жариялады.

Жеңістің рухы – әр жүректе, ал сол рухты сақтау әрқайсымыздың парызымыз. Өткенге құрмет, болашаққа сеніммен қарау арқылы біз Ұлы Жеңістің рухын сақтап қаламыз. Бейбітшілік пен еркіндік, тек қана бүгін емес, ертең де біздің басты құндылығымыз болатыны сөзсіз.

Алаштың анасы атанған Сыр еліндегі Мәншүк Мәметованың есімімен аталатын оқу орны – ерлік пен елдіктің, білім мен парасаттың қасиетті ордасы. Біз үшін Мәншүк ерлігі – құр сөз емес, ол – жүрекке орнаған сенім, рухымызды асқақтатар ұлы ұстаным.

«АЖ» ақпарат



Басы 1-бетте

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ: ЖАҚСЫЛЫҚ ПА, ӘЛДЕ ПАЙДА КӨЗІ МЕ?

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңына сәйкес, кез келген қайырымдылық қоры әділет органдарында ресми тіркеуден өтуі тиіс. Сонымен қатар есеп беру, ашықтық қағидасы міндетті. Ал көшеде жүрген волонтерлердің көпшілігі бұл талапты орындамайды. Соның салдарынан шын мұқтаждың емес, алаяқтың жолы болып жатқаны – ащы шындық.

«Харекеттің» қарекеті не болмақ?

Халықтың сенімінен шыққан танымал қорлардың бірі – «Харекет». Алайда қор белсенді болғанымен, ресми тіркелмеген. Бұл қордың негізгі миссиясы – баспанасыз отбасыларға үй алып беру. Ел ішіндегі танымал өнер жұлдыздары, кәсіпкерлер мен еріктілер арқылы қаражат жинап, әлеуметтік желілер арқылы есеп беріп отырады. Дегенмен кейбір мәліметтер бойынша, «Харекет» қоры заңды түрде тіркелмегені айтылып жүр. Бұл – үлкен мәселе. Себебі тіркелмеген ұйымның қаржысын кім, қалай бақылап жатқанын білу қиын.

Бүгінде қайырымдылық қорына қойылатын талап қатал. Мемлекеттік кірістер комитетіне ай сайын есеп тапсыру, банк арқылы операция жүргізу, ашық аудиттен өту – мұның

бәрі сенімге лайық болудың шарты. Заңда мұндай ұйымдардың қолма-қол ақша жинауына да шектеу қойылған. Бірақ бұған қарамастан, ел ішінде ақша жинау науқаны тоқтамай тұр. Кез келген адам жақсылық жасайын деп, жеке шотын қолдану арқылы қаражат жинай алмайды. Себебі заңды тұрғыда бұған тыйым салынған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің «Қоғамдық бірлестіктердің, қайырымдылық ұйымдарының заңды қызметіне кедергі келтіру» деген 77-бабының қосымша 77-1 бабы бойынша солай делінген, 80 АЕК көлемінде айыппұл арқаулауыңыз мүмкін.

Әрекеті әшкерә болғандардың саны көбеюде

Қайырымдылық – киелі іс. Бірақ оны да кірлететіндер бар. Кейінгі уақытта әлеуметтік желіде «үй алып беремін», «қарыздан құтқарамын», «ем-домына көмек керек» деп жария салып, жұрттың аяушылық сезімін оятып, артынан арам пияғын жүзеге

асырып жүргендер көбейді. Мәселен, «Елге көмек» атты қайырымдылық қорын басқарып, халықтан үй алуға, түрлі әлеуметтік мәселелерге деп ақша жинаған Лияс Сәриев есімді блогердің ісі ел есінен кете қойған жоқ. Ол Instagram парақшасында өзіне жарнама жасап, жұрттың жанын тебірентер оқиғаларды жариялап, көмек сұрады. Алайда жиналған қаржы мақсатсыз жұмсалып, кейін оның қылмыстық әрекеттері әшкерә болды. Бүгінде бұл іс бойынша бірнеше сыбайласы да жауапқа тартылып, қылмыстық іс қозғалды.

Блогер демекші, мұқтаж жанға қаржы жинауға шот ашып, көмектескен кейбір «инста-батырлар» әлгінде жиналған соммадан пайыз пайда көреді екен. Бұл да біраз көңілге кірбің түсірген факт.

Быттыр топан су Ақтөбені қаптаған көктемде ел есендіріп, халық қара бұлттай қабағы түйілген күндерде барша қазақстандық жұдырықтай жұмылып, қолдан келгенін аямады. Осындай қиын сәтте «Biz Birgemiz Qazaqstan» атты қайырымдылық қоры көпшіліктің сенім жүгін аркалап шыққан еді. Алайда дәл осы сенімді селдей опырып, пәк үміттің быт-шытын шығарған жайт кейіннен көпшілікке аян болды.

Агенттік таратқан ресми деректерге сүйенсек, аталған қордың негізін қалаушы Перизат Қайрат су тасқынынан зардап шеккендерге арналған

миллиардтаған теңгені басқаша мақсатқа – сән-салтанат пен шексіз ләззатқа жұмсаған. Бір ғана көлік сатып алуға кетірген қаржы – көз үйренген мөлшерден асып түсті. 88 миллион теңгеге Mercedes-Benz S450 көлігі, 80 миллионға – Lexus LX-600, тағы 39 миллионға – Naval автокөлігін сатып алғаны белгілі болды.

Одан бөлек, Астанадағы ең таңдаулы – «Akbulak Riviera», «Highvill Ishim Gold», «Көк Жайлау» секілді элиталы тұрғын үйлерден бірнеше пәтер мен автотұрақ алып, барлығы 600 миллион теңгеге жылжымайтын мүлік рәсімдеген. Бұдан бөлек, Vela Village қалашығындағы коттеджді де иеленген екен.

Бірнеше мемлекетте саяхаттап, сондай-ақ «Cartier», «Louis Vuitton» секілді әлемдік брендтерден қымбат әшекей, сөмке, аксессуар сатып алып, алтын мен гауһарға көмкерілген сән бұйымдарымен өз образын «жетілдірген».

Айтыңызшы, естіген қулаққа мұндай бассыздықпен қаражатты жұмсау түрпідей тимейді ме? Қол ұшын созам деп, бар жигантергенін аударып берген халықтың ақ пейілімен ойнау күнә ғана емес, қылмыс.

Қайырымдылық жүректен шыққанда ғана шынайы

Қайырымдылық – көрпенді керіп көмектесу ғана емес, адал ниет, жүректен шыққан мейір. «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы сөз – жанның тынысы» дейді қазақ. Егер сенімді қорлар халықтың сенімінен айрылса, ең алдымен, зардап шегетіндер – шын мұқтаж жандар. Олар енді кімге барып көмек сұрайды? Кімге сенеді?

Британдық Charities Aid Foundation ұйымы жариялаған World Giving Index-2024 рейтингі. Бұл зерттеудің нәтижесі бойынша, Қазақстан жомарттығы жағынан 124 елдің ішінде 113-орынға


тұрақтаған. Айтуларынша, соңғы он жыл ішіндегі ең төменгі көрсеткіш екен. Бұл деградацияға себеп – қайырымдылыққа үлес қосуға құлықсыздық емес, сенімге селкеу түскені болып отыр. Ойлаңызшы, әркім өз күнін өзі көріп, біреудің сәтсіздігіне түсіністік танытпаса, жомарттық көрсетіп, мұқтаж жанға қолдау білдірмесе адамгершілік құндылығымыз қайда қалады? Сіз осындай әлемде өмір сүргізіңіз келер ме еді? Өрине, жоқ. Себебі жақсылықты насихаттауымыз керек. Жығылғанға жұдырық емес, жақсылықтың жаршысы болғанға не жетсін?

Дегенмен елімізде мыңнан астам қайырымдылық қоры жұмыс істейді. Мәселен, әлеуметтік желіде «Человек в маске» атауымен танылған қор 2018 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Бетперде таққан азамат тағдыры тәлкекке түскен талай жанның жанынан табылып, сөнгелі тұрған үміттің алауын жақты. Өзге де қорлардың арқасында баспаналы болып, қуанышы еселенген халық қаншама. Адалдықты ту еткен жандар көп. Алайда олар арам жолдың арбауынан сақтанса игі.

Сөз соңында айтармыз: қайырымдылықты көл-көсір пайда көзіне айналдырғандар қоғамның адамгершілік негізін шайқалтумен тен. «Садақаны сауап үшін бер» деген ұлт едік, енді оны да саудаға салып отырмыз. Жалған қайырымдылық – жақсылық емес, жарға жығатын іс. Сондықтан елге жаңы аштығын әр азамат осындай әрекетке бей-жай қарамай, заң жолымен тексеріп, шын ниетті қорларды қолдауы тиіс.

«Жақсылық жерде қалмайды» деген ұлы сөз бар. Ендеше, жақсылық жасауға ниетті болайық, бірақ оны ақылмен, адал жолмен жүзеге асырайық. Сонда ғана халқымыздың үміті қайта жанып, шынайы қайырымдылық қайта салтанат құрады.

Нұршат НЫШАНОВА



Басы 1-бетте



Израильден басталып,
Сырға жеткен

Жолдауда айтылғаннан бастап саланы реформалау қолға алынды. Осылайша, Қызылорда облысында бірнеше жоба іске асты. Оның қатарында тамшылатып суару жүйесі бар. Бір қарағанда, бұл әдіс күрделі көрінуі мүмкін. Бірақ бұл – су мен тыңайтқышты арнайы құбыр арқылы өсімдіктің түбіне дәл жеткізу жүйесі. Мамандар мұны «су үнемдеудің ең тиімді амалы» деп отыр. Жүйе суды буландырып, ысырап етпейді. Соның нәтижесінде топырақ құрғақ күйінде қала береді, ал өсімдік қажет ылғалды ғана алады. Ең бастысы – арамшөптің көбеюіне жол берілмейді, өнім сапасы артады.

Тамшылатып суару алғаш рет 1960 жылдары Израильде енгізілген. Су тапшы елде бұл технология ауыл шаруашылығына жаңа дем берді. Қазір Түркия, Қытай, Үндістан сияқты елдер аталған әдіспен өнім көлемін 20-30%-ға арттырып отыр. Қызылорда да осы жолды таңдады. Қай жылдары аймақтағы күріш көлемін 20 мың гектарға азайту жоспарланған еді. Бірақ кейін тек 5 мың гектарға қысқартылды. Себебі мұндағы тіршілік күрішпен тығыз байланысты. 2022 жылы 5 мың гектарға қысқартып, 78 мың гектарға күріш егілді. Былтыр өңірде 3 189 гектар жерге тамшылатып суару енгізілді. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 5 есе көп. Осы жылы бұл көрсеткішті 9,2 мың гектарға, ал 2030 жылға қарай 34,2 мың гектарға жеткізу жоспарлануда. Мұндай технологияны қолданатын шаруаларға мемлекет тарапынан да қолдау бар. Былтыр субсидия бағдарламаға 551,8 миллион теңге бөлінген. Тамшылатып суару үшін дақылдарға келетін суды тазартатын сүзгілер қажет. Бұл – басты құрал. Ал әрі қарай сорғыш секілді заттар тізімді жалғайды. Мамандардың айтуынша, мемлекет тарапынан шығындардың 25%-ына дейін субсидия берілетін болса, қазір қолдау азайған. Ал егіншілік бөлімінің басшысы Асылжан Жарылқасынов жүйеге қажетті жабдықтар мен инфрақұрылымның 50%-ы субсидияланатынын айтады. Сонымен қатар, егістікке су жеткізіп беру құнының 60%-ына дейін өтеледі.

Өкінішке қарай, бұл әдісті күрішке қолдана алмаймыз. Дегенмен қызанақ, сәбіз, жүгері, қарбыз сияқты дақылдар осы тәсілмен егіле бастады. Мысалы Ақерке Кеңесбайқызы лимон мен банан өсіруге талпынып,

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ТАМШЫМЕН СУАРСАҚ...

жылыжай мүмкіндіктерін кеңейтіп келеді. Ол бастапқыда құлпынай өсірумен тәжірибе жинақтап, кейіннен лимон ағаштарын отырғызды. Қазіргі уақытта банан ағаштарын жерсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Самалбек Қосанов бұл әдістің артықшылығы көп екенін айтады. Жер асты суы көтерілмейді, топырақ тұзданбайды. Бірақ күрішке бұл жүйені енгізу техникалық әрі экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Десе де, Түркия мен Испания күрішті де тамшылатып суарып көріп жатыр. Қазақстанда да осындай шағын тәжірибелер Алматыдағы ғылыми орталықтарда жүріп жатыр. Қосановтың айтуынша, Қызылордада күріш тұқымдарының тек 3%-ы ғана отандық сорттар. Бұл да – су тапшылығына қарсы күресте шешілуі тиіс мәселе.

– Өңірге бейімделген, жоғары өнімді жаңа күріш сорттарын шығару үшін селекциялық жұмыстарды күшейту маңызды. Көрші елдер, мысалы, Қытай, Вьетнам, Тайланд секілді мемлекеттер су ресурстары шектеулі аймақтарда күріш өсіруде тамшылатып суару әдісін қолдануда. Бұл тәжірибені зерттеп, жергілікті жағдайға бейімдеу үшін кешенді ғылыми зерттеулер жүргізу қажет.

Қазіргі уақытта Қызылорда облысында тамшылатып суару әдісін қолданатын шаруашылықтар бар. Мәселен, Шиелі ауданындағы қызанақ өсірушілер толықтай осы жүйеге көшкен. Қызылорда қаласы маңындағы Айнакөл және Қараөзек аймақтарында картопты тамшылатып

суару әдісімен өсіретін шаруашылықтар да кездеседі, – дейді ол.

Былтыр «Таң ЛТД» серіктестігі «Таушұқыр» учаскесіндегі 5000 гектар жердің 800 гектарына тамшылатып суару әдісімен жүгері екті. Бұл бағытқа 16 шақырым жерден электр желісі тартылды, 8 экскаватор, 3 тиегіш, 1 бульдозер, 8 жер айдайтын техникасымен жабдыкталып, 65 адам жұмыспен қамтылды. Тамшылатып суару үшін 160 шақырым құбыр әкелінді. Ал «Қызылорда Agro-Plus» ЖШС бірнеше жыл бұрын қызанақ өсіру жобасын жүзеге асырды. Сынақ ретінде 2 гектар жерге қызанақтың 10 түрлі сорты отырғызылып, әр гектардан орташа 900 центнер өнім алынды. Су тапшылығы десе Жетісудың да жайы ойға келеді. Былтыр Жетісу облысында тамшылатып суару арқылы алғаш рет қант қызылшасы өсіріле бастады. Тың жобаны қолға алған Болат Төребекұлы 275 гектарға тамшылатып суару жүйесін тартқызып еді. Сол арқылы бұрын-сонды игерілмеген жайылымдық жерді егістік алқапқа айналдырған.

– Су 8 есе үнемделеді. Бір арамшөп таппайсың. Іздесеңіздер де, 100% шығады. Тұқым жақсы. Тұқым шықпай қалды деген болмайды. Мынаумен сепсе, 100% өзін-өзі ақтайды. 100% осы әдіске көшу керек. Сонда қант қызылшасы болады. Қазақстан қантты сырттан алмайды. 4000 мың кв трансформаторды қою үшін 46 миллион теңге кетті. Үкімет тарапынан көмек болмаса, мұны әркім жасай алмайтынына менің көзім жетеді. Себебі жағдай жок оған, – деп пікір білдірді Болат Төребекұлы сұхбаттарының бірінде.

Ал Жамбыл облысында «Каз Каспий Гидро Сельхоз Технология» ЖШС тамшылатып суару жүйесін шығаратын өндірісті іске қосты. Жаңа жобаның құны 2,8 миллиард теңгені құрайды. Мұнда жылына 20 мың гектарға дейінгі алқапты тамшылатып суаруға қажетті жабдықтар өндірілмек. 30 жаңа жұмыс орны құрылып, өндіріс толық қуатына шыққаннан кейін жұмыс орындарының саны екі есеге артады деп күтілуде.

Су тапшылығы – агросаланы тығырыққа тірейтін мәселе. Түйткілді тиімді жолмен шешу мамандарға да, шаруаларға да, ел дамуына да оң әсер ететіні айдан анық.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Сейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барып, биылғы алғашқы дән себу іс-шарасына қатысты. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев пен аудан әкімдері, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері келді.

СЫР ӨҢІРІНДЕ АЛҚАПҚА АЛҒАШҚЫ ДӘН СЕБІЛДІ



Аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласының ардагерлерімен бірге қамба астыққа толып, шаруа еңбегі табысты болуына тілектестік білдірді.

Әрі қарай шара қонақтары ауыл шаруашылығы техникалары, тыңайтқыш, гербицидтер және тұқым көрмесімен танысты.

Егіс алқабында өткен жиын «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты. Семинарда мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық басшылары саладағы өзекті мәселелерді баяндады.

Өткен жылы елімізде диқандарға көктемгі егін, күзгі жиын-терін жұмыстарына 5%-бен берілетін жеңілдетілген несиесі көлемі алғаш рет 500 миллиард теңгеден асса, биыл бұл қаражат 700 миллиард теңге болды. Диқан қауымға «Кең дала-2» бағдарламасы арқылы қолдау көрсетіледі. Несиенің 85%-ын «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры, тек 15%-ын ғана шаруашылықтар кепілдендіреді.

Алдыңғы жылдары көктемгі және күзгі дала жұмыстарын қаржыландыруға «Аграрлық несиесі корпорациясы» небәрі 2-3 миллиард теңге бөліп келсе, биыл қаржы көлемі тоғыз есе артып, 18 миллиард 500 миллион теңгеге жетті. Одан

бөлек, ауыл шаруашылығы саласын әртараптандырудағы ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін Солтүстік Қазақстан облысы тәжірибесі негізінде жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Биыл облыста су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін 9 200 гектарға жеткізу, өткен жылмен салыстырғанда 2 есе арттыру межеленген. Бұл бағытта да мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Жабдықтарды сатып алуға және құруға кеткен шығындардың 80%-ына дейін мемлекет тарапынан субсидияланады. Кейінгі жылдары 55 мың гектар күріш алқабы лазерлік тегістеуден өткізілді. Биыл 60 мың гектарға дейін жеткізіледі.

Өңірде 193 700 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған, оның 85,9 мың гектарына күріш себілмек. Ал майлы және малазықтық дақылдарды өткен жылға қарағанда 3 400 гектарға арттыру көзделуде.

Айта кетейік, былтыр 189,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, 85,6 мың гектарға күріш егілген.

«АЖ» ақпарат

АЙМАҚТА КҮРІШ ДӘНІН СЕБУГЕ АГРОДРОНДАРДЫ ҚОЛДАНУДА

Сыр өңірінде күріш егу басталды. Бұл жолы жергілікті шаруалар ақ маржанның дәнін себуге агродрондарды қолданған.



Басты артықшылық – тұқым мен тыңайтқышты егістікке дәл және біртегіс сеуіп, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Тағы бір жаңалық, мұндағылар күрішті көшеттеп егу әдісін де енгізіпті. Бұл өз кезегінде су шығынын 20%-ға, дән себу нормасын 80%-ға үнемдеуге сеп болмақ.

– Өнімді жақсарту бағытында жаңа техникаларды, дрондар, көшеттеп егетін тракторлар әкеліп, дамыған елдердің жақсы технологияларын алып, ыңғайымызға қарай пайдалану мүмкіндігін сынап жатырмыз. Дельтаплан пайдаланып келдік, дәлдігі өте киын, себілген дәрілер ауаға ұшып кетеді. Ал дрондар 2-3 метр биіктікте себілген дәрі де ысырап болмайды, – деді шаруашылық төрағасы Талғат Байдалиев.

Биыл облыс бойынша 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылын егу жоспарланып отыр. Мұндағы күріштің көлемі – 85,6 мың гектар.

Айта кетейік, егістік алқаптарында аталған өнімнің 30-дан астам сорты сыналмақ. Олардың қатарында Қытай, Түркия және Еуропа елдерінен әкелініп, алғаш рет жерсіндірілетін тұқым түрлері де бар. Ал көктемгі егіске облыс бойынша 22,2 мың тонна тұқым дайындалса, қажетті тыңайтқыштармен қамту бағытында тиісті келісімдер де тиянақталған.

– Лазерлік тегістегіш облыс бойынша соңғы жылдары шаруашылықтар жақсы алып жатыр. Өйткені көздері жетті. Қазір 200-ден астам лазерлік тегістеуіш бар. Биыл 60 мың гектар жерге лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізіледі. Қытайлық әріптестермен келісімге келіп, 6 сортты кішкентай көлемде сынақтан өткіземіз. Еуропадан да, Түркиядан да сорттар алып сынап, қайсысы тиімді болады келешекте сол сорттарды егетін боламыз, – деді ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

«АЖ» ақпарат

ДАЛА КҮНІ СЕМИНАР-КЕҢЕСІ ӨТТІ

Биыл облыс бойынша 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде күріш дақылы 85,9 мың гектар жерге егу жоспарланған.

Вегетация кезеңіне су лимиті аймақтың егістігін тұрақты суаруға 3,8 миллиард текше метр көлемінде бекітілді.

Бүгінде ерте егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жұмыстары аяқталуға жақын.

Ауыл шаруашылығы құрылымдары жоспарланған дақылдарды егуді қамтамасыз ету үшін қажетті тұқыммен, тыңайтқыштармен, техникамен және жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілді.

Көктемгі егіс егу және дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 10,0 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Бүгінде 4,1



мың тонна облысқа жеткізіліп, 3,0 мың тоннасы әр литріне 254 теңгеден шаруашылықтарға таратылуда.

Көктемгі дала жұмыстарына 4046 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары толық жөндеуден өткізіліп, қатысуда.

Бұдан бөлек, көктемгі дала

жұмыстарын жүргізуге қажетті қаржы көлемі 40 миллиард теңгені құрап, бүгінде 28,6 миллиард теңге қаржыландырылды.

Көктемгі дала және егін егу жұмыстарына дайындық барысы тұрақты бақылауда.

«АЖ» ақпарат

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» дейді қазақтың қайталанбас қаламгері Әбіш Кекілбаев. 2024 жылы 29 маусымда үкімет қаулысымен күнтізбеміз тағы бір жаңа мерекемен толығып, биыл алғаш рет республика көлемінде «Ұлттық кітап күні» аталып өтуде. Осыған орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ұйымдастырылған ауқымды апталық «Үздіктер салтанаты» атты кітап фестивалімен қорытындыланды.

Үздіктер салтанаты



Фестиваль қонақтарына кітапхана ғимаратының алаңында «Кітап – жан азығы, өмір қазығы» атты жаңа кітаптар көрмесі, Жас ақындар аллеясы, «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында асфальтқа сурет салу, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы, Арт-территория – шығармашылық алаңы және түрлі интеллектуалды ойындар мен кітап инсталляциялары ұсынылды.

Мерекелік кешті облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов құттықтау сөзімен ашып берді.

– Бүгінде облыста 209 кітапханада 5 миллионға жуық кітап қоры бар. Былтыр облысымызда жарияланған «Руханият жылы» аясында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен аудан орталықтарында салынған «Руханият орталықтарына» аудандық кітапханалар да көшіріліп, кітапхана ісін дамыту, халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру бағытында мәдени жауһарлар, экспо-



наттар, мәдени мұралар және басқа да түрлі жәдігерлер бір жерге шоғырландырылды. Аудандық кітапханалардың бұрынғы қор бөлмелеріндегі сыйымдылығы 55 мың кітап қорына арналса, бүгінде «Руханият орталықтарында» 200 мың кітап сақтауға мүмкіндік бар. Бұл орталықтар азаматтардың рухани-танымдық қажеттілігін өтеумен қатар жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеуге қызмет ете бастады, – деді Шахмардан Асқарұлы.

Іс-шара барысында кітапхананың тұрақты оқырмандары, мәдени көпшілік шараларға белсене қатысып жүрген бірнеше оқырман «Үздік оқырман – 2025», «Отбасылық оқудың қуанышы», «Ардагер оқырман», «Ең көп оқитын отбасы», «Ең кішкентай оқырман», «Белсенді оқырман» номинацияларымен марапатталды.

16 сәуір күні басталған апталық облысымыздың барлық аудандары мен ауылдарын қамтып, елді мекендерде түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жиын соңында жергілікті өнерпаздардың орындауында әсем әндер шырқалып, жас ақындар өз шығармашылығынан өлеңдерін көрермен қауымға паш етті.

А.МАРАТҚЫЗЫ



КІТАП БАСПАСЫ: табыс пен тағылым таласы

1-Бетте

Айта кетейік, сәуір айының басында өткен фракцияның кеңейтілген отырысында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жұлдыз Сүлейменова Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғаринге бірнеше сауал жолдаған болатын. Онда депутат отандық кітап баспаларын салықтан босату жөнінде мәселе көтерді. Айтуынша, соңғы үш жылда қағаздың, бояу мен логистикалық шығындардың күрт өсуі отандық баспагерлерді тығырыққа тіреп отырған көрінеді.

– Кейінгі 4-5 жылда отандық кітап баспасының индустриясы жақсы дамыды. Алайда отандық кітап баспагерлері күнде хабарласып жатыр. Қағаздың бағасы кейінгі жылдары екі есеге жуық көлемде қымбаттаған. Елімізге қағаз сырттан импортталады. Осыған байланысты бұл сала, яки қағаз нарығы әлемдік нарықтағы өзгерістерге қатты тәуелді. Екіншіден бояу және полиграфиялық материалдар бағасы да өскен. Үшіншіден логистикалық шығындар, әсіресе шалғай өңірлерге жеткізу құны бірнеше есе көбейіп отыр. Отандық көркем әдебиет, ғылыми-көпшілік, балалар және оқу әдебиеттері баспасымен айналысатын отандық баспагерлерді қосымша күн салығынан толық босату немесе 0 (нөл) %-дық мөлшерлеме енгізу керек, – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Депутат, сонымен қатар, келесі ұсынысында қағаз, бояу, баспа жабдықтары секілді негізгі материалдарға қатысты импорттық салықтар мен ҚҚС бойынша жеңілдіктер енгізуді сұрады. Министр Серік Жұманғарин айтылған ұсыныстармен келісетінін білдірді. Алайда толығымен босатуды құптамаса да, екінші оқылымға дейін қайта талқылау қажеттігін атап өтті.

Иә, кітап баспасы – шешілмеген шиеленісі көп, жауапкершілігінің жүгі ауыр сала. Баспаға байланысты бұл мәселелер бір ғана қаламгердің емес, бүтін ұлттың мәдени мүддесіне қатысты. Мемлекет тарапынан кешенді қолдау, саланы цифрландыру, жас авторларға жағдай жасау – уақыт талабы. Әдебиетке жанашырлық – ұлт болашағына жасалған инвестиция. Ал кітаптың қадірін білген елдің қашанда руханияты биік болмақ.

ӘДЕБИЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТ

Бүгінде қазақ әдебиетінде түрлі жанрда қалам тербеп жүрген жастар қатары жыл санап артып келеді. Жаңа буынның жан-жақты ізденіспен келуі көңіл қуантады. Десе де бүгінде кейбір жазушылар мен ақындар ұлттық дәстүрді заманауи стильмен ұштастырып, жаңа форма, жаңа мазмұн тудыруға талпыныс жасауда. Әдебиеттегі ұлттық және жаһандық құндылықтар қақтығысы – қазіргі қазақ әдебиетінде жиі көтерілетін, терең әрі күрделі тақырыптардың бірі екені даусыз. Мәдениетті қазақы таныммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын елдерге еліктеу ұлттық құндылықтың ұстынын құлатпай ма деген қорқыныш тудырады. Бұл қақтығыс негізінен дәстүрлі қазақ болмысы

мен заманауи, жаһандық мәдениет арасындағы қайшылықтан туындап отыр. – Қазақтың жақсы сөздері күн сайын азайып жатыр. Біз «өркениетке еліктеген осылай болады» деп күн сайын ақымақтық жасап отырмыз. Шетелдің жазушысы қанша данышпан болса да, дүниеге қазақтың көзімен қарай алмайды, қазақтың жүрегімен сезіне алмайды. Жастар көп нәрсені оқиды. Бірақ, сол өзге жұртың дүниесіне барады да қайта алмай қалады. Қазақтың сөзін олай сындыруға келмейді, қазақтың тілі – оның ішкі дүниесі. Оны сындырып не жасайсың? Жастар қайтып келеді бәрібір. Қазіргі болып жатқан процесс – американизация – өзін үшін өмір сүру. Бір күні бір балам қарындасына: «Ол сенің проблемаң, өз проблеманды өзін шешуің керек» деп ұрсып жатыр екен, алдым да ұрдым. «Ей, сен не айтып тұрсың, мынау сенің бауырың емес пе?» Біз шетел деп есіміз кетеді, оларда бауыр жоқ, оларда тек адамның жалғыздығы бар, оны одан сайын күшейтіп жатыр.

Жастардың оқитыны шетел әдебиеті, тыңдайтыны шетел музыкасы, өйткені, ол – байдың баласы. Бірақ, кім айтты ағылшыннан қазақтың ақыл-ойы, танымы төмен деп. Олар өздерінің қазағын танымайды, бұрынғы қазақтың үйлесімді ішкі гармониясын, қуатты әлемін білмейді, – дейді ақын Мейірхан Ақдәулетұлы «Қаламгер» порталына берген сұхбатында.

Расында да қазақ әдебиеті ежелден ұжымдық дүниетанымға – ру, ел, ұлт мүддесіне бағынған санаға негізделсе, қазіргі жаһандық әдебиетте даралық, өзін-өзі табу, еркіндік құндылықтары басым. Бүгінде жас қаламгерлер осы екі жүйені үйлестіруге тырысады – бір жағынан ұлттық түп-тамырынан ажырағысы келмейді, екінші жағынан заманның рухына ілескісі келеді. Жаһандану тіл арқылы да көрініс табатын құбылыс. Қазақ әдебиеті бұрынғы бейнелі, салмақты тілден алыстап, жеңіл, жалпылама тілмен жазуға бейімделіп келеді. Бұл оқырман санын арттырғанымен зардабы ауыр шешім. Себебі әдебиетіміз тілдік тереңдік пен ұлттық реңкті жоғалтып алуы әбден мүмкін.

Сондай-ақ бүгінде қаламгерлер шығармашылығында отбасылық қарым-қатынас, гендерлік теңдік, урбанизация, көші-қон, жалғыздық сияқты жаһандық тақырыптар жиі көтеріледі. Бұлар бұрынғы әдебиетке жат еді. Дәл осы мәселелердің ұлттық санада қалай қабылданатыны – күрделі сұрақ. Жас буын көбіне батыстық құндылықтармен тәрбиеленгенімен, жүрегінде ұлттық түбір бар. Олар әдебиеттен өз ішкі қайшылығына жауап іздейді. Бұл қақтығыс әдебиетті күйретпейді, керісінше оны түрлендіріп, жаңа бағыттарға жетелейді деп сенейік.

Аружан ОРАЛБАЙ

«Жауһар жырдың Асқары» атты облыстық мүшәйра өтті

Қазақ әдебиетінде, қазақ руханиятында өзіндік орны дараланған ақиық ақын Асқар Тоқмағамбетовтың 120 жылдығына арналған «Жауһар жырдың Асқары» атты облыстық мүшәйра өтті.

Сатира сардарының өз атымен аталатын қалалық мәдениет үйінде өткен жыр додасында облысымыздың әр ауданынан 12 ақын бақ сынады.

Поэзия алааманы алдында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Тажмаханов сөз алып, Асқар ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылығын тілге тиек етіп, мүшәйраға қатысушы ақындарға сәттілік тіледі.

Сондай-ақ 1-15 сәуір аралығында өткен «Қырғи тілді қаламгер» атты мәнерлеп оқудан облыстық онлайн байқаудың жүлдегерлерін марапаттап, дипломдар мен сертификаттар табыс етті.

Мүшәйраға ақын әрі сатирик, журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер

одағының «Алтын медаль» иегері, республикалық «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Ғазиза Әбілда және ақын, облыстық, республикалық ақындар мүшәйраларының жеңімпазы, қалалық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ұлықбек Бекұзақұлы қазылық жасады.

Қазылардың шешімі және жырсүйер көрерменнің ықыласы бойынша Бексұлтан Санақұл дараланып, мүшәйраның жеңімпазы атанды.

Жүлделі 1 орынды жалағаштық жас ақын Дидар Өмірзақ иеленсе, қармақшылық ақын Нұркелді Өтепберген 2 орынға лайық деп танылды. Ал жүлделі үшінші орынды қызылордалық Нұргүл Төлеубай мен жас ақын Шадыман Теміршекқызы өзара бөлісті.

Сырдария ауданынан қатысқан Данияр Уәлиевке «Орамды ой», қазалылық Жанғазы Данабекке «Талаптың мініп тұлпарын» атты номинациялары табыс етілді.

«АЖ» ақпарат





ЖАҢАЛЫҚҚА ҚҰШПАР ЖАС ҒАЛЫМ

1-бетте

Осы кезге дейін ол университеттегі «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың бас ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының кандидаты, зерттеуші-профессор Нұрбол Аппазов және осы зертхананың жетекшісі, «Инжинирингтік технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Нұрғали Ақылбековпен бірлесіп, бірнеше зерттеуге қатысты. Бұл жұмыстардың нәтижесінде күріш қауызынан целлюлоза алу әдісі анықталғанын атап өту қажет. Ғылыми жұмыс нәтижесі көңіл қуантады. Бүгінде бұл жоба патенттеліп, халықаралық басылымға мақала жарияланған. Целлюлоза негізінен кеңсе қағаздарын жасауда қолданылады. Сонымен қатар суды газартуға арналған белсендірілген көмір алу жұмыстары да жүргізілді. Университет ғалымдары күріш сабаынан Терра Прета биотыңайтқышын алудың инновациялық технологиясын да әзірледі. Оны ауыл шаруашылығында қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Зерттеушілердің айтуынша, жаңа биотыңайтқыштың артықшылығы оның құрамындағы гумустың мөлшері жоғары, топырақтың бірқатар көрсеткішін арттыратын қасиеті бар. Атап айтсақ, топырақ тұздылығын төмендетеді. Ылғалдылықты сақ-

тайды, топырақ құрамындағы гумусты жоғарылатады. Соның нәтижесінде дақылдың өнімділігі 40%-ға дейін артады. Басқа тыңайтқыштарды егіс аумағына артық мөлшерде қолдансаң, кері әсерін тигізеді. Ал Терра Претаны көп мөлшерде қолдану егінге еш залалын тигізбейді. Сондай-ақ күріш қауызынан алынған биочарды мал бордақылау, бетонның мықтылығын арттыру мақсатында қолдануға болады. Мағжан Ғаниұлының осындай іргелі зерттеу жұмыстарына атсалысқанын білгеннен кейін жас ғалымды оқырманға кеңінен таныстыруды жөн санадық. Ғылымға деген қызығушылық неден туындағанын, алғашқы эксперименті, ұстазы туралы да сұрадық. – Химия саласын таңдауыма реакцияларға деген қызығушылығым әсер етті. Алғаш рет теледидардан «вулкан» тәжірибесін көріп қатты таңырқадым. Кішкентай кезімде «жарылып, атылатын» химиялық реакцияларға қызығатын едім. Балалық қызығушылығым ғылым саласына жол ашты. Оқуға түскен кезде жасаған алғашқы экспериментім нақты есімде жоқ. Бірақ мұнайдың құрамындағы механикалық қоспаларды анықтау мақсатындағы эксперимент ерекше есте қалды. Бұл көбіне мұнайдың сапасын бақылау үшін жасалады. ЖОО-ға қабылданғаннан бастап сабақтан тыс уақытта университеттің №5 оқу ғимаратында орналасқан «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханада ғылыми жұмыстармен айналыстым. Мұндай ізденіс менің

шыңдала түсуіме ықпал етті. Ал ұстаздарға келсек, елімізге белгілі ғалым Нұрбол Аппазовты үлгі тұтамын. Себебі оқытушым ғылымда ғана емес, өмірде де білгенін үйретіп жүретін, білімімен қатар, ізетті мінезімен жан-жағына сыйлы, парасатты адам, – деді ол. Көпке белгілі ғалымдардан білім алған Мағжан Бекхожаев бірнеше байқауда жүлдегер атанды. 2023 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ұйымдастырған пәндік олимпиадада 3-орын, Ореп спресе байқауының жоғарғы технологиялардың инновациялық жобасы бағыты бойынша 1-орын, 2023 жылы республикалық студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы бойынша 3-орын, ал 2024 жылы 2-орын иеленді. Өзі елгезек әрі мәдениетті Мағжанды қоғамдық іс-шаралардан, әсіресе Жайдарман ойындарынан да жиі байқаймыз. Сондықтан «Болашақта ғылым саласында еңбек етесің бе, әлде мәдениет саласына ауысқың келе ме?» деген сұрақты да қойдық. – Ғылым – менің болашағым, ал «Жайдарман» жастығымның қызықты сәттері болып қала бермек. Болашақта ғылым саласында жақсы жетістіктерге жетіп, ел игілігі үшін қызмет етсем деймін. Жетістік, данқ, абырой барлығы уақытша, бастысы елге пайдасы тиетін азамат болуды ойлаймын. Ең бірінші миссиям – осы, – деді жас ғалым. Қазіргідей түрлі ақпарат «қаржы табудың сан түрін» ұсынған уақытта жастардың бір салаға ден қоюының өзі оңай емес. «Даму үшін күн сайын өзіміңіз жақсы көретін жұмысыммен айналысамын. Кітап оқу, барлық зейініңді мамандығың бойынша жұмыстарға қою жақсы жетістікке жетуге көмектеседі» деген Мағжанның замандастары үлгі алса дейсін.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

SEOULTECH ПРЕЗИДЕНТІ ҚЫЗЫЛОРДАҒА КЕЛДІ: ҚОС ДИПЛОМ, АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ, БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕР



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне Сеул ұлттық ғылым және технология университетінің (SeoulTech) Президенті, профессор Дон Хван Ким бастаған делегация келді. Кездесуге сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационалдандыру басқармасының басшысы Рауза Мендалиева, университеттің Баскарма төрағасы - Ректоры Бейбіткүл Каримова қатысты. Бұл туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлады.

Тараптар қос дипломды білім беру бағдарламасы аясында оқу бағдарламаларының мазмұны мен үдерісін ұйымдастыру, білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту, SeoulTech университеті тарапынан PhD докторларды даярлауға жетекшілер бекіту, ғылыми кадрлармен қамтамасыз ету және бірлескен зерттеу жобаларын іске асыру мәселелерін қозғады. Сонымен қатар корейлік ғалымдарды тарту, профессор-оқытушылар құрамының тәжірибе алмасуы және заманауи технологияларды бірлесіп енгізу секілді стратегиялық бастамаларға назар аударылды. SeoulTech университетінің Президенті Дон Хван Ким Назарбаев Зияткерлік мектебі, 125 high school, Білім-инновация лицейі және Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің оқушыларымен кездесті. Профессор жаңа білім беру бағдарламасы жайлы кеңінен түсіндіріп, талапкерлерге оқу бағдарламасының мазмұны, академиялық мүмкіндіктері, шетелде білім алу артықшылықтары мен бейімделу бағдарламалары жөнінде жан-жақты мағлұматтар ұсынды. Сондай-ақ Профессор Дон Хван Ким Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект

институтының студенттеріне «Кореядағы IT-трендер» тақырыбында ашық дәріс оқыды. Дәріс барысында Профессор Кореядағы заманауи технологиялар, цифрлық трансформация және IT саласындағы жаһандық үрдістер туралы ақпараттармен бөлісті. Іс-шараға қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Кездесуде бірлескен ғылыми жұмыстарды және жасанды интеллект саласындағы жобаларды дамыту, профессор-оқытушылар мен студенттерге арналған академиялық ұтқырлық бағдарламасы туралы айтылды. Айта кетейік, 2023 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Жасанды интеллект институты ашылды. Қазіргі таңда Жасанды интеллект институтында SeoulTech университетімен бірлескен төрт білім беру бағдарламасы табысты жүзеге асырылып жатыр. Аталған бағдарламалар аясында 100 студент мемлекеттік білім гранты негізінде білім алады.

«АЖ» ақпарат

Бір сәт ИНТЕРНЕТ ӨШІП ҚАЛСА...

Бүгінгі қоғамды интернетсіз елестету көкжиексіз аспанды көзге елестетумен тең. Қарым-қатынас, білім, жұмыс, көңіл көтеру – бәрі бір ғана желіге тәуелді. Тап атпай жатып телефонды қолына алатын адам баласы интернетті өмірінің

бір бөлігіне айналдырып алған. Бірақ бір сәт елестетейікші. Егер интернет өшіп қалса...



Бәлкім, алдымен үрей билейтін шығар. Өлеуметтік желідегі хаттар жауапсыз қалар, жаңалықтан мақұрым боламыз, онлайн жұмысы барлар бір сәтте табысынан айырылады. Қоғамда қысқа уақыттың ішінде ақпаратсыздық орнап, мазасыздық туындайды. Бірақ біздің виртуал әлемге тым тәуелді болып кеткеніміз айқын. Ең қызығы, интернет өшсе, адамдар бір-бірінің көзіне тіке қарап сөйлесер ме еді? Ұзақ уақыттан кейін бір дастархан басында жиналып, шын мәнінде әңгіме айтуды қайта жаңғыртар ма едік? Кітаптың иісін аңсап, парақтарын шын ықыласпен парақтар ма едік? Әлде ішкі тыныштықты интернетсіз ғана табуға болатынын ұғынар ма едік? Интернет – қуатты құрал. Бірақ ол адамды емес, адам оны басқаруы тиіс. Алайда қазіргі қоғамда бұл шекара өшіп барады. Біз әр сағат сайын экранға телміріп, уақытты емес, өмірді жоғалтып жатырмыз. Ал интернет өшкен бір сәт шын мәнінде өзімізге оралу мүмкіндігі болар. Мүмкін, интернеттің болмауы бізге шын қарым-қатынас пен шынайы өмірдің дәмін еске қалар. Сол кезде біз уақыттың қадірін, жақын адамның құнын ұғынармыз.

Динара ЖҰМАДІЛ
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті

КӨҢІЛДЕ ҚАЛҒАН КӨРІНІС

Қоғамдық көлікке жиі мінесіз бе? Автобустағы мына оқиғалар мені ойладандыра түсті.

Қала орталығындағы аялдамадан автобустың үш адам мінді: бірі – орта жастағы ер кісі, екіншісі – жасы үлкен әйел, үшіншісі – шамамен 1-2 сынып оқушысы. Екі орын бос тұр. Жас болған соң «Қазір бір үлкен кісі келіп отырар» деп, орындыққа жайғаспадық. Бір орынға ер кісі жайғасты, екіншісіне оқушы отырды. – Балам, маған орын берші, – деді бейтаныс әйел. Бүлдірішін естімегендей кейіп танытты. – Устуги мне место, – деді әйел тағы да. Бала оған да көнбеді. Басын үстіндегі күртесімен жауып алды. – Ерегесіп отыр ғой, – деп біреу үн қатты. Сол кезде жаңағы аялдамадан мінген ер кісі баланы жұлыпай бастады. Бала болса одан бетер ашуланды. «Берілмеймін!» дегендей, міз бақпауға тырысты. Оған қарап тұрған әйел: – Ерегесіп тұр ғой, отыра берсін, – деді. Сол кезде жаңағы ер кісі баланың басынан бір ұрды. Әйел тек күліп қана қоя берді. Бір аялдамадан кейін бала жылап: – Остановите автобус, – деген күйі ағыл-тегіл көз жасынан сөзін жалғастыра алмады. Автобустағы жолаушылар ешпене демеді. Мен де не ойларымды, не істерімді білмедім. Алайда болған оқиғадан жайсыз сезімді бастан кешкенімді жасырмаймын.

Тағы да бір аялдама. Автобустың үлгерсем екен деп асыға жүгірдім. Абырой болғанда, қоғамдық көлік уақытында келе қойды. Міндім. Біраз енгігіп қалдым. Демімді басамын дегенше, бір оқиғаның куәгері болдым. Жан-жағымда үлкен кісілер көп екен. Бірінші аялдамаға тоқтадық. Жасы үлкен әже автобустың артық есігін ашуды сұрады. «Менде мүгедектік бар», – деп айтты, өзі қалаған жерінен түсті.



Келесі аялдама. Қолында кішкентай қызы бар әйел артқы есікті ашуды сұрады. Алдағылар түсіп болған соң есікті ашылауын шығар деп, мен де тұра бердім. Бір мезетте автобус орнынан қозғалып кетті. Түсемін деген кісі одан сайын дүрбеленге салынып, айғайлай түсті. Естігенім: – Неге тоқтатпайсыз? Сізге айттып тұрмын. – Төлемекіңіз көрсетіп, алдынан түсіңіз! – Басыңа келсің! Неге ауырып тұрған кезде осылай істейсіңдер? Көріп тұрсың ғой, қасымда қызым бар. Емнен жаңа келе жатырмын, – деп, келесі аялдамаға дейін осы кісінің айғайын естумен болдық. Келесі аялдамада да бәрі түскенін күтпей, автобус жылжып кетті. Бірақ жолаушылардың бәрі наразылық танытып, көліктің ішінде айқайға салды. Оған дейін ызаланған кісі де сол бекеттен түсіп қалды. Ол түскеннен кейін – үнсіздік... Сол сәтте ойланым қалды. Біз бір-бірімізге тым қатал емеспіз бе? Қоғамда қайырымдылық, түсіністік, жанашырлық деген сөздер тек қағаз бетінде қалып бара жатқан жоқ па? Осы оқиғадан соң автобус ішінде тыныштық орнаса да, менің жүрегім тыншымай келеді.

Мерей ШӨКРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті

СЫР ЕЛІНІҢ САҢЛАҚ САРБАЗЫ

Сыр елінің топырағы талай батырлар мен елді қорғау жолында жанын қиған ерлердің дүниеге келген киелі мекені. Тарихын тереңге жайған, мәдениетке бай өлкеде жауға қарсы найза ұстап шыққан батырлары Отан үшін от кешіп, жанын қиып, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Уақыт алмасып, заман өзгерсе де, ел қорғаны болар ерлердің жалыны сөнген жоқ. Тәуелсіздікті аңсаған елдің ұрпағы әр кезеңде түрлі сындардан өтті. XX ғасырдың соңына таман Кеңес Одағының әскери-саяси шешімімен басталған Ауған соғысы да сол сындардың бірі болды десек болады. Бейбіт елдің өрімдей ұлдары жат жұрттың даласында майдан отын кешіп, сын сағатта нағыз батырлықтың бейнесін паш етті.

1979-1989 жылдар аралығында жалғасқан Ауған соғысы мыңдаған отбасының жүрегіне жара салып, көз жастарын көл етті. Қазақстаннан 22 мыңнан астам жас жігіт соғысқа аттанса, олардың біразы сол жерден сол күйі оралмады. Аман келгендері өмір бойы сол соғыстың ауыртпалығын аркалап өтті. Сол ерлердің ұрпаққа үлгі болған жолын жалғаған, қиын кезеңде әскери борышын ерлікпен өтеп, Ауған жерінде жауынгерлік абыройын асқақтатқан азаматтардың бірі – Ауған соғысының ардагері, ұлт жанашыры Бақытбек Смағұл.

Бақытбек Смағұл – елге еңбегі сіңген азамат, Ауған соғысының ардагері, қоғам және мемлекет қайраткері. Ол 1960 жылы 6 ақпанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. Оның еңбекке ерте араласуы, білімге деген құштарлығы оның өмір жолынан анық байқалады. Ол 1975–1978 жылдары Қазалы қаласындағы кәсіптік-техникалық училищені үздік тәмамдап, кейін Алматы құрылыс техникумында, Орталық Азия университетінде және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алды. Құрылыстан бастап заң, журналистика саласын меңгеріп, жан-жақты білім иесі атанды. 1979 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылып, арнайы дайындықтан өткеннен кейін Ауғанстандағы соғысқа қатысады. Бұл кезең оның өмірінде ерекше орын алады. Өмір мен өлім қатар жүрген майданда елге деген сүйіспеншілік, рух пен батырлық бойына сіңеді.

Майдандағы қанды оқиғалар, жауынгер жолдастарының тағдыры, туған елге деген сағыныш – барлығы оның жүрегінде терең із қалдырды.

Сол із уақыт өте келе қалам ұшына айналып, шығармашылықпен астасып жатты. Бақытбек Смағұл өмір көріністерін, ерлік пен елдіктің шынайы бейнесін өзінің әдеби туындылары арқылы жеткізе білді. Жауынгер жүрегінің жазбасындай болған оның «Мен көрген соғыс», «Қаһарман», «Қазақтың кара майоры» атты еңбектері – тек әскери естелік емес, елдікті, ерлікті дәріптейтін әдеби мұра. Бұл шығармаларда автор оқырманды ұрыс даласына ертіп апарып, от пен октың ортасындағы өмір мен өлім арпалысын, жан мен жігер шайқасын айшықты тілмен суреттейді.

Бақытбек Смағұлдың «Қара майор» атты көркем шығармасы – Ауған соғысының зұлмат шыңдығын, сарбаздар жанкештілігін бейнелейтін бірегей туынды. Бұл шығармада автор тек куәгер ғана емес, сол қанды қырғында ерлік көрсеткен батыр жауынгер ретінде сөйлейді. Әсіресе Паншер шатқалындағы шайқастар – шығармадағы шарықтау шегі. Жазушы Кеңес армиясы үшін стратегиялық маңызы бар «Зуб» биігін алу операциясын суреттей отырып, қарапайым жауынгерлердің өжеттігі мен ерлігіне, командирлердің шешім қабылдаудағы дәлдігі мен батылдығына терең бойлайды. 4500 метр биіктіктегі атыс ұяларын алу үшін таңғы төрттен түнгі тоғызға дейін жалғасқан ұрысты баяндай келе, автор Х.Оразалиев, капитан Бекбоев сынды офицерлердің ерлігін, жауынгерлердің жанқиярлықпен шайқасқанын шынайы сипаттайды. Паншерде бір ай бойы үздіксіз ұрыстар жүргізген 177-отрядтың қайсарлығы, сол отрядты басқарған Борис Керімбаевтың шешімділігі мен рухы – шығарманың негізгі өзегі.

Бақытбек Смағұл шығармасында Ауған соғысын тек әскери тактика мен шайқастар шежіресі ретінде емес, ерлік пен өр рухтың, отан алдындағы адалдықтың көркем шындығы ретінде көрсетеді. Ол оқырманын сол қанды жылдарға жетелеп апарып, әр оқ пен от арасындағы адамның жүрегін, жан арпалысын сезіндіреді. «Қара майор» – ел үшін, ерлік үшін күрескен боздақтарға қойылған әдеби ескерткіш іспетті.

Шығармашылық – Бақытбек Смағұл үшін тек жүрек тынысы емес, өткенге тағзым мен келешекке аманат. Соғыстың от-жалынын көрген қаламгер әр туындысы арқылы жас буынның жүрегіне ерлік ұғымын сіңіріп келеді. Алайда оның өмір жолы тек шығармашылықпен шектелмейді. Бүгінгі қоғамда да ел тағдырына алаңдап, мемлекеттік деңгейдегі мәселелерге үн қосып келе жатқан санаулы тұлғалардың бірі.

Ол – жауынгер ғана емес, елдік мүддені биік қоятын азамат. Парламент мінберінен бастап, қарапайым ауыл жастарына дейін үнін жеткізіп жүрген қайраткер. Ардагердің аузымен айтылған әрбір сөз – тарихтың тірі куәсі, ал болашақ үшін айтылған ой – елдікке шақырған ұран.

Кезінде майдан даласында жауға оқ атқан жауынгер бүгінде ел тағдырын ойлайтын ұлт жанашырына айналды. Бақытбек Смағұл – бүгінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясының мүшесі, сондай-ақ Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің беделді мүшесі. Елдің қорғаныс саласына қатысты заң жобалары мен бастамаларда белсенділік танытып жүрген ол – әскери тәжірибені, жауынгерлік рухты мемлекеттік мүддемен сабақтастыра алған санаулы тұлғалардың бірі. 2005 жылдан бері «Qazaqstan Ardaгерleri» Қауымдастығын басқарып, ардагерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуде де ауқымды істер тындырды. Оның бастамасымен



әскери-патриоттық тәрбиені дамытуға арналған бірнеше бағдарлама қабылданып, жастардың отаншылдық рухын көтеруге бағытталған нақты жұмыстар жүргізілді.

Уақыт – тарихты ескейті, ал ерлік – ұмытылмайды. Бақытбек Смағұл – оқ пен оттың арасынан өтіп, елдің ертені үшін еңбек еткен шын мәніндегі қаһарман. Оның өмір жолы – бір қолымен қалам, бір қолымен қару ұстаған ұлт жауынгерінің тағдыры. Бүгінгі ұрпақ үшін ол – өнеге, ел үшін – тірек. Оның ғұмырнамасы – елжандылықтың шынайы үлгісі. Сөз соңында айтарымыз – Бақытбек Смағұл секілді тұлғалар ерлік жайлы аңыз емес, ақиқат екенін дәлелдегендер. Оның ғұмыры – «қазақтың қайсар рухы әлі де бар, елін сүйген ерлер ешқашан ұмытылмайды» деген ақиқаттың жарқын көрінісі. Ендеше, Бақытбек Смағұлдың өнегелі жолы жас ұрпаққа рух береді, ел тарихына өр кесте болып қалады.

**Жамила ӘБСАТТАРҚЫЗЫ,
Сабина АБЛАКАТ,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, филология факультеті, қазақ филология мамандығының 1-курс студенттері
Ғылыми жетекші: **Фатима ҚОЗЫБАҚОВА**

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ ЕСІМДЕР

Сәуір – табиғаттың ғана емес, жадымыздың да жаңғыратын айы. Бұл көктемнің қызуы кеудеге үміт ұялатып, өткеннің өнегелі ізіне қайта үнілуге себеп болатын сәт. Биылғы сәуір ерекше. Себебі халқымыздың рухани, мәдени және тарихи мұрасына өлшеусіз үлес қосқан бірқатар айтулы тұлғаның мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Олар – өнер мен әдебиеттің алыбы, ерліктің символы, ел басқарған дара қайраткерлер. Тарих көшінде таңбасын қалдырған осынау есімдерді еске алып, олардың ел үшін сіңірген еңбегін қайта бағамдау әр ұрпақтың парызы. Ендеше айды қорытындылап, сәуірдегі мерейтойларға тоқталсақ.

Айдың алғашқы күнінде туған, қазақ өнерінің жұлдызы, композитор, дирижер, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің биыл 100 жылдығы аталып өтті. Ол Алматы облысының Іле ауданында дүниеге келген.

Күй әлемінің сардары, жүректің үнін домбыраға көшірген Тілендиев – қазақ музыкасының ұлы тұлғасы. Ол құрған «Отырар сазы» оркестрі ұлттық саз өнерін әлемге паш етті. «Аққу», «Махамбет», «Көш керуен» секілді күй-поэмаларымен халқымыздың мұңын да, қуанышын да жеткізе білді. Өмір бойы өнерге адал болған тұлғаның есімі елдің есінде мәңгілік сақталады.

Ал 20 сәуірде Кеңес Одағының Батыры, жажуірек мерген Әлия Молдағұлованың туғанына да 100 жыл толды. Майдан



қосқан ол – XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған қайраткерлердің бірі. Жасынан мұғалімдікпен бастап, кейін республикалық

дәрежедегі басшылық қызметтерге дейін көтерілген Нұрмаковтың өмір жолы – білім мен парасаттың, елге адал қызмет етудің айқын үлгісі.

Сәуірдегі бұл мерейтойлар – өткеннің өнегесін бүгінмен сабақтастырып, ертеңге аманаттау деген сөз. Бұл – ұрпақтар арасындағы алтын көпір. Өйткені ұлы тұлғаларсыз ұлт тарихын елестету мүмкін емес.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



Республика аумағында кене энцефалитінің таралу кезеңі басталды. Кене энцефалиті – бұл инфекциялық, табиғи-ошақтық, вирустық ауру, негізінен орталық жүйке жүйесіне әсер етеді, көбінесе ағымы ауыр және мүгедектік пен өлімге әкелуі мүмкін.

КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТІ ТУРАЛЫ

Кене энцефалитінің инкубациялық кезеңі 3-тен 21-30 күнге дейін созылады, орташа – 7-10 күн. Негізгі берілу жолы – трансмиссивті, яғни иксод кенелерінің шағуы арқылы, бірақ қоздырғыш иішкі ешкі (сиыр) сүті арқылы, сондай-ақ жұқтырған кенемен байланыста болған кезде терідегі (шырышты) шағын жаракаттар арқылы берілуі мүмкін. Аурудың қоздырғышы – кене энцефалитінің вирусы.

Табиғи-климаттық жағдайларға байланысты республика аумағында кенелердің белсенділік маусымы наурыздан бастап маусымды қоса алғанда, республиканың шығыс және солтүстігінде – тамызға дейін байқалады. Кене энцефалитімен сырқаттанушылықты тіркеу негізінен мамыр-маусым айларында болады, бұл тасымалдаушы санының ең көп өсуіне байланысты.

Кене энцефалитін жұқтыруды болдырмау үшін кене мекендейтін жерлерге барған кезде арнайы емес алдын алу шараларын және қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларын сақтау қажет. Бұл арнайы киім мен репелленттерді қолдану. Егер кәдімгі киім қолданылса, онда ол ашық түстерде болуы керек және дененің ашық жерлерін жабуы керек, бас киімді міндетті түрде кию қажет. Табиғаттағы серуеннен

оралғанда гүл шоқтарында, сөмкелерде кенелердің бар-жоғын тексеру керек.

Кене энцефалитінің алдын алудың арнайы шараларына вакцинация жатады, ол бүгінгі күні жалғыз сенімді профилактикалық құрал.

Қазақстанда жыл сайын өздерінің кәсіби қызметі кене энцефалитінің табиғи ошағының аумағында болумен байланысты тәуекел топтарына вакцинация жүргізіледі.

Кене шағып алғаннан кейін 1-3 күн ішінде белгіленген медициналық ұйымға жүгіну керек, онда зардап шеккендерге кенеге қарсы иммуноглобулинмен профилактикалық шұғыл емдеу жүргізіледі, ал қарсы көрсетілмдер болған жағдайда – кене энцефалитінің вирусын жұқтыруына кенені алдын ала зерттеу жүргізіледі.

Егер медициналық көмекке жүгіну мүмкін болмаған жағдайда арнайы құрылыстарды (пинцет, жіптер) пайдаланып кенені өз бетінше алып тастау керек. Кене шаққан жерді дезинфекциялау құралымен емдеу керек.

Алима АБДУШУКUROVA,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Жұмысын тоқтатады

«Алиш-Ади» ЖШС (БСН 140540025754) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті, Привокзальная көшесі №13А (қазіргі мекен-жайы: Алтын Орда көшесі №13А).

АУЫЛ МЕЙІРГЕРІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ауыл медицинасының ахуалын жақсартуды тапсырған болатын. Бүгінде сол жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылып, оның жемісін қазір ауыл халқы көріп отыр.

Осы ретте ауыл медицинасының бүгінгі ахуалы жайлы Жалағаш аудандық ауруханаға қарасты Мырзабай ахун ауылы дәрігерлік емханасының медагасы Самұрат Тұңғышбаевпен әңгімелескен едік.

Кейіпкеріміз медицинадағы еңбек жолын өзінің туған жері Мырзабай ахун ауылында

мейіргерліктен бастаған. Жас болса да, ол еңбек жолында ауыл халқына ем беріп, «COVID-19» пандемиясы кезінде балалардың «қызыл аймағында» бала дәрігері ретінде кезекшіліктер атқарды. Қазір ауыл тұрғындарының ыстық ықыласына бөленіп, елді мекендегі медициналық мекемеде 13 жылдық тәжірибесі бар мықты маман атанған.

Ол Түркістан қаласында медициналық оқу орнында білім алып, фельдшердің дипломы қолына тиген сәттен бастап жұмысқа кіріскен. Қазіргі кейбір жастар секілді үлкен қалада жұмыс істеу ойына да келмейті. Дипломды алып, дереу туған ауылына жол тартқан.



Өзінің айтуынша, қалалық жерде медициналық маман жеткілікті, ал ауылдық елді мекендерде дәрігерлер тапшы. Сондықтан туған жерге төртөгуді жөн көрген. Міне, елінің

Жуырда Түркістан облысында VI Жастар спорт ойындарының ашылу салтанаты өтті. Жеңістің 80 жылдығы аясында өтетін кешенді жарыс 24 ақпан мен 1 қазан аралығында спорттың 34 түрінен ұйымдастырылуда. Соның ішінде бокстан VI жастар ойындарын өткізу Қызылорда облысына бұйырды.

БОКСТАН VI ЖАСТАР ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛДЫ

Соған орай елімізге белгілі былғары қолғап шеберлері Сыр еліне арнайы ат басын бұрды. Жарыс қарсаңында облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов, Сидней олимпиадасының күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдәбеков, жастар арасында аға жаттықтырушы Мақсат Бақтыбазаров, бокстан әлем чемпионы Біржан Жақып пен Галиб Джафаров ақпарат алаңына келіп, БАҚ өкілдерімен кездесті.

Кездесу басында облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Оңдасынұлы сөз алып, арнайы келген қонақтарды таныстырып, өз ризашылығын жеткізді.

– Кейінгі уақытта Қызылордада спортқа жақсы көңіл бөлінуде. Жуырда грек-рим күресінен ауқымды жарыс ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да спорттық шаралар өткізіледі. Бүгін міне бокстан жастар ойындары басталмақ. Өңірімізге бокс спортының жұлдыздары келді. Мұндай мықтылардың келуі жастарымызға – мотивация. Шаршы алаңда шын мықтылар шықсын. Баршаларыңызды спорт мерекесіне шақырамыз, – деді ол.

Мұнан соң Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдәбеков сөз алды.

– Қызылордаға келмегеніме 10-15 жылдай болыпты. Қалада өзгеріс көп. Спорт саласына да лайықты көңіл бөлініп жатыр. Әр аймақта осындай дәрежедегі қолдау болу керек. Жастар ойындарына сәттілік тілейміз. Мүмкін осы жерге болашақ Олимпиада чемпиондары келген болар?! Біз де үнемі бақылап жүреміз. Бұл жерден чемпиондар шықпауы мүмкін емес, – деді Мұхтархан Кабыланбекұлы.

– Жастар ойындары жоғары деңгейде, әділ өтеді деген сенімдеміз. Жарыстың мақсаты – Олимпиада ойындарына резерв дайындау. Жастарға мүмкіндік жасауымыз керек. Үміт күтіп жүрген спортшы көп. Барлығы да сайдың тасындай іріктелген, – деді Мақсат Бақтыбазаров.

Ал Біржан Жақып жастарды көруге тәжірибесімен бөлісуге келгенін жеткізді.

– Жарыс сәтті болсын! Сыр елінде спорттың қарқынды дамуының арқасында олимпиада чемпиондары шығады деген үміттеміз. Жастар ойындары – ел спортының келешегі. Қатысушыларға сәттілік, ал жанкүйерлерге – жарқын әсер тілеймін, – деді ол. Мұнан соң Галиб Джафаров жастар болашағымыз екенін атап өтті.

– Бұл ойындар – олар үшін үлкен мектеп. Әрбір жарыс – тәжірибе, әрбір қарсылас – сабақ. Мұндай жарыстар – тек медаль үшін емес, мінез үшін қажет. Жас спортшылар рингке шыққанда, тек қарсыласымен емес, өз қорқынышты, күмәні, әлсіздігімен күреседі. Ал нағыз жеңіс – сол ішкі күресте. Мықтылар жеңіске жетсін, – деді Галиб Джафаров.



Облыс әкімдігінің баспасөз алаңындағы өткен кездесуден соң көптен күткен жастар ойындарының ашылу рәсімі «Теннис» орталығында өтті. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, ҚР Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМК бөлім басшысы Бектұрсын Мырзабаев, Қазақстан Бокс федерациясының вице-президенті Мұхтархан Ділдәбеков, бокстан жастар арасындағы аға жаттықтырушы Мақсат Бақтыбазаров және бокстан Әлем чемпиондары Біржан Жақып, Джафаров Галиб, Олжас Оразалиев қатысты.

Байрақты бәсекенің ашылу рәсімінде облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов алғы сөз алып, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Аймақ басшысының қатысуымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай тұңғыш рет Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-римнен халықаралық турнир және бәйгеден ҚР чемпионаты өтті. Бүгін мінекей, Сыр елінде тағы бір маңызды дода Бокстан VI Жастар спорт ойындары басталғалы отыр. Еліміздің әр өңірінен келген 500-ге жуық боксшы шаршы алаңда қолғап түйістіріп, күш сынаспақ. Сыр төрінде өтіп жатқан бұл айтулы жарыс – тек бокс бәсекесі ғана емес, достық пен татулықтың, қайсарлық пен рухтың мерекесі десек артық айтпаған болар едік. Жарыс қатысушыларына сәттілік тілеймін! Шын мықты жеңіске жетсін, – деді Шахмардан Асқарұлы.

Өз кезегінде Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері, Қазақстан бокс федерациясының вице-президенті Мұхтархан Ділдәбеков сөз сөйлеп, бүгінгі дүбірлі доданың маңыздылығына тоқталып өтті.

Сондай-ақ ашылу рәсімінде облыс әкімінің орынбасары құрметті қонақтарымыз әрі бокстан Әлем чемпиондары Жақып Біржан, Джафаров Галиб, Олжас Оразалиевке қазақтың дәстүріне сай сый-құрмет жасады.

Айта кетейік, батырлар бәсекесінде еліміздің барлық өңірінен 500-ге жуық спортшы бақ сынауда. Ал оларға 40-тан аса төреші қалық етпек. Ал жас спортшылар сыңға түсетін бәсеке жеті күнге созылады.

ТӘЙІМБЕТ КӨМЕКБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Қызылорда қаласында Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнир өтті. Байрақты бәсекенің ашылу рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы қатысты.

Рәсімге Тәйімбет Көмекбаевтың ұлы, II дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері, генерал-майор Бағбан Тәйімбетов, ҚР Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының вице-президенті Дәурен Жабасов және басқа да құрметті қонақтар қатысты.

Аймақ басшысы қатысушыларға сәттілік тілеп, өңірдің спорт саласындағы ауқымды жұмыстарға тоқталды.

– Алаштың анасы атанған қасиетті Сыр өңіріне қош келдіңіздер!

Баршаныңызды Кеңес Одағының батыры, даңқты жерлесіміз Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен халықаралық турнирдің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда «Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі», – деген болатын.


Сыр өңірінде соңғы үш жылда 18 спорт кешені салынып, іске қосылды. Өткен жылы «Самұрық қазына траст» қорымен бірге құны 3 миллиард 400 миллион теңге болатын «Үстел теннисі орталығы» салынып, халыққа қызмет етуде. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай 11 мың орындық орталық стадион салынуда. «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталды. Келесі жылы ел игілігіне табысталады. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің іргетасы қаланды. Жана нысан жыл соңына

дейін пайдалануға беріледі. Алдағы мамыр айында бірқатар спорттық үйірмені қоса қамтитын «Шығармашылық академиясы» ашылады.

Спорт – мемлекетіміздің мерейін үстем ететін, тұрғындарды салауаттылыққа жетелейтін маңызды сала. Бүгінгі халықаралық жарыс өздеріңізге қарап бой түзейтін

үш дүркін чемпионы, Олимпиаданың күміс және қола медальдарының иегері Ақжол Махмудовқа дәстүрге сай иығына шапан жабылды.

Айта кетейік, Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевтың есімін ұрпақ жадында қалдыру мақсатында жыл сайын түрлі шаралар өткізіліп келеді. Биылғы еске



жастарымызды елжандылыққа тәрбиелеп, спорттағы бәсекелестікті қалыптастыруға, татулықты нығайтуға септігін тигізетін дода болады деп сенеміз. Жарысқа қатысушыларға сәттілік, шын мықтыларға жеңіс тілеймін, – деді Н. Нәлібаев.

Салтанатты ашылу рәсімінде ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, батырдың ұрпағы Ардашер Шайымбетов сөз сөйледі.

Жарыстың қадірлі қонағы, қырғыздың атакты балуаны, Әлемнің екі дүркін, Азияның

алу шарасының ерекшелігі – грек-рим күресінен халықаралық турнир тұңғыш рет ұйымдастырылуда. Бұған дейін батыр

ұрпақтары үйлестіріп келген турнир биылдан бастап облыс әкімдігінің қолдауымен халықаралық деңгейде өткізілуде. Сонымен қатар турнирге 10-нан астам өзге мемлекеттен және еліміздің әр өңірінен келген балуандар 10 салмақ дәрежесінде күш сынасты.

Турнир барысында ел мақтанышы, Париж Олимпиадасының қатысушысы Айдос Сұлтанғали 60 келі салмақта бездесіп, жеңімпаз атанды. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы медаль мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

МӨЛДІР ЖАҢБЫРБАЙ ТОП ЖАРДЫ

Мысыр мемлекетінен жағымды жаңалық жетті. Жерлесіміз, ел мақтанышы Мөлдір Жаңбырбай 17-20 сәуір күндері Мысыр мемлекетінде қаратәден өткен Каир Премьер-лига кездесуінде топ жарып, 50 келі салмақта чемпион атанды.

Айта кетейік, бүгінге дейін ол қатарынан екі Премьер-лига (Париж, Ханчжоу) бәсекесінде жүлделі болған еді. Ал бұл жолғы жеңісімен ол өзінің үздік екенін үшінші рет дәлелдеп отыр.



Өткен аптада Қызылорда қалалық ипподромында бәйгеден Қазақстан Республикасының II іріктеу кезеңінің чемпионаты өтті. Облысымызда үшінші мәрте ұйымдастырылған жүйріктер арасындағы тартысты бәсекеге барлық облыс және 3 қаладан 100-ге жуық сәйгүлік қатысты.



БӘЙГЕ: ЖҮЙРІКТЕР ЖОРЫҒЫ

Салтанатты шараның ашылуына облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, ҚР Туризм және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы Бахтияр Артаев, «Бәйге» федерациясының вице-президенті Мұрат Өсербаев қатысып, шабандоздарға сәттілік тілеп, жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне қатысты.



– Сыр елінде халқымыздың ежелден келе жатқан ұлттық спорты бәйгеден Қазақстан Республикасы чемпионаты ұйымдастырылды. Дәстүрлі түрде жалғасын тапқан ұлттық спорт жарыстары – ұлт руханиятын нығайтып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтіні анық. Жүйріктер арасындағы дүбірлі додаға еліміздің барлық өңірінен 100-ге жуық сәйгүлік қатысуда. Шабандоздарымыз «Құнан бәйге», «Топ бәйге», «Аламан бәйге», «Үшқыр бәйге» бойынша сыңға түспек. Олай болса, жарыс қатысушыларына сәттілік тілеймін, – деді Шахмардан Асқарұлы.

Шара барысында ҚР «Бәйге» федерациясының вице-президенті Мұрат Өсербаев құттықтау сөз сөйлеп, кіл мықтылар жиналған жүйріктер жарысы жоғары деңгейде өтетініне сенім білдірді. Сондай-ақ, ақсақал ағамыз шабандоздарға ақ батасын беріп, ізгі тілегін білдірді.

Көп ұзамай алғаш болып 8 шақырымдық құнан бәйгенің жүлдегері мен жеңімпаздары анықталды.

Нәтижесінде I орынды Жамбыл облысының атынан қатысқан Аян Әміртай иеленді. Ал 14 шақырымға ұласқан топ бәйгеде I орын Алматы облысынан келген Сержан Байқытайға бұйырды.

Сондай-ақ ұшқыр бәйгесі бойынша I орынды Алматы қаласынан қатысқан Байқұрман Сабыржан иеленіп, басты бәсеке 21 шақырымдық Аламан бәйгеде Жамбыл облысынан келген Дамир Ілесбек оза шауып, I орынды еншіледі.

Барша жеңімпаздар мен жүлделі орын иегерлеріне серіктестер атынан қаржылай сертификаттар мен арнайы дипломдар табысталды.

Қызылорда облысының спорт саласын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан азамат Болат Бақуовтың 50 жас мерейтойына арналған үстел теннисінен ересектер арасындағы халықаралық турнир өтті.



ҮСТЕЛ ТЕННИСІНІҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Болат Бақуұлы – спорт саласын, оның ішінде үстел теннисі бағытының дамуына өлшеусіз үлес қосқан азамат. 2007 жылдан бері аталмыш спорт түрін өңірде насихаттап, 2019 жылы Қызылорда облыстық үстел теннис федерациясының құрылуына себепкер болып, 2022 жылға дейін басшылық етті. Қазіргі таңда Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінде «Дене тәрбиесі және АӘД» пәнінің төрағасы қызметін атқарады.

Ашылу рәсіміне облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары

Жігер Айекешов және Қазақстан Республикасының Еңбек Ері, облыстық үстел теннисі федерациясының президенті Абзал Ералиев қатысып, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі. Сондай-ақ Жігер Оңдасынұлы басқарма басшысының атынан Болат Бақуовты арнайы Алғыс хатпен марапаттады.

Турнирге Өзбекстан мен Қырғызстаннан, сондай-ақ еліміздің бірнеше өңірінен 17 команда, 150-ге жуық спортшы қатысты.

Бетті дайындаған Нұр БАҚЫТ



«КЕМЕ»

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КӨРМЕСІ ӨТУДЕ

Өңірде ерекше рухани шараның шымылдығы түрілді. Қазақ АКСР-нің астана болғанына 100 жыл толуына орай, Салихитдин Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының Түркістан Суретшілер одағы филиалы суретші-кескіндемешілерінің «Кеме» атты жылжымалы көрмесі халық назарына ұсынылды.

Бұл – руханият пен тарихты, шеберлік пен шабытты тоғыстырған, қос өңір арасындағы мәдени байланысы тереңдей түскен маңызды оқиға. Көрме Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының Түркістан облыстық филиалының бастама-сымен ұйымдастырылды. Түркістан өңірінен келген өнер иелері өз туындыларында көне шаһардың тарихы мен табиғатын, киелі мекендердің құдіретін, ұлттың болмысын бейнеледі.

САН ТҮРЛІ БОЯУ – ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХ

Көрме экспозициясына Түркістан облысында орналасқан киелі орындар, тылсым табиғат көріністері, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін сипаттайтын шығармалар қойылды. Қылқалам иелері өз еңбектерінде Түркістанның шежіресін әр көрерменге тереңінен ұғындыра білді.

– Бұл көрмеге Түркістанның керемет табиғаты, тарихы, сондай-ақ тұрмыстық жанрдағы пейзаж-көріністері, портреттер мен Қазығұрт тауының көркем көрінісі бейнеленген 70-тен астам туындылары қойылды. Көрмеге шығармалардан бөлек, олардың авторлары да келді. Барлығы 11 суретші Сыр еліне арнайы ат басын бұрып, туындыларын таныстырды. Әр суретші өз туындысын көркемсурет галереясына тарту етіп, облыстық музей қорын толықтырды. Бұл – біз үшін қуанышты жаңалық. Көркемсурет галереясының басты мақсаты – суретшілерді қолдау, насихаттау және галерея қорын толықтыру.

Өткен жылы халықаралық симпозиумді де өткізген едік. Аталған шара да Қызылорда АКСР-нің астана болғанына 100 жыл толуына арналып, «Қылқаламдағы мәңгілік ел бейнесі» тақырыбында ұйымдастырылды. Көркемсурет галереясы бұл көрме-лермен шектеліп қалмайды, әрі қарай да рухани жұмыстарды жүргізетін болады. «Кеме» көрмесі мамыр айының 15-іне дейін жалғасады, тамашалауға шақырамыз! – дейді С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының меңгерушісі Кенжегүл Ахметова.

Көрмеге ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Иляев, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қуатбек Қосжанов, суретшілер Абдухат Мұратбаев, Нұрлан Шилбаев, Едіге Тұрлыбеков, Қарлығаш Лескызы, Ергали Палымбетов, Анарәлі Тіленші, Алтай Шинденжанов, Дархан Кеңебаев, Болат Шериязов сынды өнер саллақтарының 75-ке жуық кескіндемелік туынды қойылды. Сондай-ақ көрменің ашылу салтанатына облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов қатысып, іс-шараның маңыздылығын атап өтті.

Атап өткендей, көрме аясында Қызылорда облыстық музей қорына түркістандық суретшілер 20-ға жуық көркем туындыны тарту етті. Бұл – қос өңір арасындағы рухани достықтың жарқын бейнесі.

Көрменің ашылу салтанатына Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жандос Сейілов, ҚР Суретшілер одағы Түркістан филиалының төрағасы Қуатбек Арынұлы Қосжанов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Иляев, сондай-ақ Салихитдин Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының ұжымы мен өнер сүйер қауым қатысты.

Көрме – тек көркем туындыны көрсету алаңы ғана емес, шығармашылық диалог пен рухани дамудың алаңы. Мұнда суретшілер мен көрермен арасында шынайы әңгіме, өнерге деген ортақ сүйіспеншілік орын алды.

«Кеме» көрмесі – өнер арқылы ұлттың өткені мен бүгінін жалғайтын, көркем бейне арқылы шындық пен шабытты жеткізетін рухани шара. Бұл көрме екі өңір арасындағы мәдени көпірге айналып, көрерменге жаңа әсер, суретшіге жаңа шабыт сыйлары анық. Ең бастысы – қазақ руханиятының мәңгілік кемесін алға жетелер желкені боларына сенім мол.

Қорлан САРЫ

ҚОРҚЫТ ҚОБЫЗЫНЫҢ ҚОҢЫР ҮНІ

Қазақ халқының тарихи-рухани өмірінде Қорқыт ата тұлғасы ерекше орын алады. Аңыздарға сүйенсек, Қорқыт түркі халықтарының алғашқы бақсысы, жырауы әрі композиторы болған. Оның қобызы арқылы шыққан қоңыр үн мыңдаған жыл бойы қазақ даласын тербеген, халық жүрегінен орын тапқан. Бұл үн – өмірдің шынайы мәнін түсіндіргендей, табиғат пен адамның үйлесімін көрсеткендей ерекше рухани толғаныс.

Қобыз – тек музыкалық аспап ғана емес, халқымыздың рухани әлемінің символы. Қорқыттың қобызының үні арқылы табиғаттың тылсым сырлары, өмір мен өлім, адамның тіршілікке деген махаббаты мен жан күйзелісі жеткізілген. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт ата өлімнен қашып, өмір мәнін түсінуге тырысты. Оның қобызы ажалға қарсы күрестің, адамның мәңгілік өмірге деген ұмтылысының белгісіне айналды.

Қорқыт қобыз үні арқылы халқымызға терең ой салып, тіршіліктің баянсыздығын түсіндіргендей. Ол қобыздың құдіретті үнімен «тіршіліктің қадірін біл, өмірді бағала» деген ұлы идеяны жеткізгендей.

Қобыздың үніне «қоңыр» деген анықтама берілуі тегін емес. Қазақ ұғымында «қоңыр» түс – сабырлы, байсалды өмірдің символы. Қоңыр үн адамның ішкі жан дүниесін, тыныштығы мен терең ой-толғамын бейнелейді.

Қорқыттың мұрасы музыкалық аспаптардың шығу тарихы мен қазақтың дәстүрлі музыкасын зерттеуге жол ашты. Қорқыт қобызымен тартқан күй өз заманының ғана емес, тұтас түркі жұртының рухани мұрасы болып қалды. Бұл мұра қазақ халқының мәңгілік болмысы мен дүниетанымының ерекше белгісі ретінде ұрпақтан ұрпаққа берілуде.

Бүгінде Қорқыт ата есімі қазақ мәдениетінің алтын қазынасы ретінде ерекше маңызға ие. Оның өмірі мен өнері туралы зерттеулер, аңыздар мен жырлар жас ұрпаққа рухани тәрбие берудің қайнар көзіне айналды. Қорқыттың қоңыр үні әлі күнге дейін әлемге адамзат өмірінің құндылығы мен мәнін жеткізіп тұрғандай.

Қобыздың шаңағынан шыққан қоңыр әуен тек Қорқыттың емес, бүкіл қазақ халқының үніндей естіледі. Бұл үн – халқымыздың терең философиясы, еркіндікті аңсаған жан дүниесі мен табиғатқа деген сүйіспеншілігі. Қорқыт-тың қобызы әлі күнге дейін көне дәуірлердің үнін бүгінгі күнге жеткізіп, ұлы даланың мәңгілік мұңын баяндап тұрғандай.

Қорқыттың қоңыр үні – қазақ руханиятының мәңгілік символы, адам-заттық құндылықтардың жарышысы.

Нұрслам БАХТИЯР,
№39 «Қызылөзек» орта
мектебінің 11-сынып оқушысы

САЯХАТТА СҮЙГЕНІН ТАПҚАН САЯХАТШЫ

Кей адам өмір жолын ұзақ іздейді. Ал біреуге сол жолды табиғаттың өзі нұсқап береді. Бүгінгі кейіпкеріміз – дәл сондай жанның бірі. Ол – 28 жастағы саяхатшы, travel-блогер әрі гид Абылайхан Таймас.

Орман мен тау, күн мен бұлт, саяхат пен шабыт оның өмірінің мәніне айналған десек қателеспейміз. Табиғаттың тынысын бейнеге айналдырып, Instagram-да танымалдығы артып келе жатқан саяхатшымен сұхбаттасудың сәті түсті. Алғашқы сауал, әрине, мамандығына қатысты болды. Себебі ол тағам дайындаудан туризмге бет бұрған жан.

– Мектепті тәмамдаған соң мамандық таңдау оңай болмады. Өзімді таба алмай жүрдім. Кейін таңдауым аспаздыққа түсті. Алғашында қарапайым жұмыстан бастап, кейін бас аспазға дейін көтерілдім. Осы салада өзімді дәлелдей алдым, жақсы мейрамханаларда жұмыс істедім. Бірақ бұл мамандықта өсу шегі бар екенін түсіндім, – дейді ол.

«Ешнәрсе кездейсоқ емес» демекші, тағам әлемінде жүріп, өзіндік тәртіп пен еңбекқорлықты меңгерген жігіт, бір күні тағдырын өзгертетін сапарға аттанды.

– Бес жыл бұрын Жақсылық есімді досыммен бірге алғаш рет шетелге шықтым. Сол кезде менің ішімде бір дүние, жаңа тыныс оянды. Сапар мені өзгертіп жіберді, – дейді Абылайхан өткен күнді еске алып.

Туризмге деген қызығушылық дәл сол сәттен басталған екен.

– Табиғатты көріп, қыдырып жүріп табыс табуға болатынын түсіндім. Бірақ мен үшін бастысы – ақша емес, әсер. Мен өзім көрген әлемі мекендерді өзгелтермен бөлісуді, оларды шабыттандыруды, эмоция сыйлауды жөн көрдім. Адамдармен бірге жұмыс істегім келді. Неге елдегі туризмді дамытпасақ деген ой келді, – дейді ол.

Абылайханның парақшасындағы

бейнероликтер – ерекше эмоция мен әсерге толы. Кадрлар сапасы жоғары, әр түсірілімде табиғатпен үндестік сезіледі. Ол контентін Mavic 3 дрономмен түсіреді. Бұл құрылғыға қол жеткізу тарихы да қызық.

– Өкemeniң қолдауымен бір жарым миллионға сатып алған дрономды Бали саяхатында суға түсіріп алдым. Ең өкініштісі, 10 күндік сапардың екінші күнінде-ақ дронсыз қалдым. Елестетіншісі, күннің батуы, су, құстардың ұшуы – қанша сұлулықты өткізіп алдым. Осылайша біраз уақыт дронсыз қалдым. Кейін бір түсірілім әлеуметтік желіде кенінен тарап кетіпті. Сол сәтте ел ағаларының бірі «Ел туризмін дамытып жүрің» деп маған Mavic 3 дронды сыйға тартты. Ол – Керімжан аға еді. Алғысым шексіз. Жаңа дронның сапасы өте жоғары. Техникалық жағынан ғана емес, кадр түсіру мүмкіндігі жағынан да артықшылықтары көп. Табиғаттың сұлулығын нақты жеткізеді, – дейді ол.

Түсірілім оңай шаруа емес. Бір видеоға бірнеше сағат, кейде күндер кетуі мүмкін. Ал шабыт – басты құрал. – Бір видеоны түсіруге кейде бірнеше сағат кетеді. Ең бастысы шабыт үстінде сәтті ұстап қалу. Күннің шуағы, құстардың ұшуы, желдің бағыты – бәрі әсер етеді. Сол сәттерді өткізіп алсаң, қайта түсіру мүмкін емес. Кейде жалқаулық жеңіп, түсірілген материалды 3 күннен, тіпті 1 аптадан кейін бір-ақ жүктейтін кездерім болады.

Ең көп қаралым жинаған видео – 2 миллион. Себебі онда жұрт жақсы білетін локацияны мүлде басқа қырынан көрсеттік. Сол сәттен бастап шабыт пайда болды. Кейінгі жұмыстарда да сол әдісті қолдандым. Көпшілікке



алғаш рет «Шымкент туры» арқылы танылдым. Сол видеода Шымкенттің шынайы табиғатын, сұлулығын көрсеттім, – деп жауап берді ол.

Абылайханның жүрегіне жақын мекендер – Бали, Малайзия, Индонезия. Тропикалық табиғат, мәдениет пен менталитеттің өзгешелігі саяхаттың әр күнін ерекше еткен. Кейінгі екі жылда Абылайхан тур ұйымдастыра бастады. Алғашқыда ішкі туризмге мән берсе, бүгінде шетел бағыттары да қосылған. Ал авторлық турға кейінгі 1 жылда сұраныс артқан. Бір маусымда 1000-нан аса адаммен саяхатқа шығамыз. Ең бастысы – тұтынушының көңіл күйі.

– Адамдармен жұмыс істеу қиын. Көңіл-күйіне қарап «ұнады ма, ұнамады ма, ренжіп қалмады ма» деп саяхат бойы уайымдап жүресің. Бірақ бұл өзіңе де зиян. Ал түсініспеушілік болды. Бірақ маған жұмысым ұнайды, – деп тәжірибесімен бөлісті.

Абылайхан үшін ең сүйікті бағыт – Азия елдері. Ал гид ретіндегі туры Дубайдан басталған екен.

– Ағылшын тілін жетік білемін деп айта алмаймын. Өзім де Дубайға алғаш келіп тұрмын. Командамадағы 10 адамға барынша білдірмеуге тырыстым. Сол кез есіме түссе, еріксіз күлкім келеді. Өте ыстық сәттің бірі.

Негізі саяхаттың берері көп: ойдың кенеюі, жаңа бастамаларға серпің, жаңа жоба бастауға шабыт. Ал бақытым мен бағыма орай, осы туризм арқылы болашақ жарымды жолықтырдым, – деді кейіпкер.

Иә, саяхат оған тек танымалдық пен табыс емес, отбасын да сыйлаған. Жұбайымен жұмыс барысында танысқан. Бірге сапарға шығып, бір-бірінің жанын түсінген екеуі бүгінде бірге жұмыс істеп келеді.

Жолын тапқан жан үшін өмірдің өзі саяхатқа тең. Ал Абылайхан үшін әр сапар – жаңа мүмкіндік, жаңа бетбұрыс. Міне, осылайша тағамнан басталған жол табиғатқа, туризмге, жаңа өмірге ұласты.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 6893
Тапсырыс: 668